

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

F 96

F96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Т.ӘБДІКОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘНГІМЕЛЕУДІҢ СИПАТЫ

Данебаева Ғазиза Палманқызы

Gazi-93@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті, қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының 2-курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент М.К.Ахметова

Тіл ғылымында жалпыхалықтық тіл қорының байлығын, лингвостилистикалық табиғатын неғұрлым тереңірек танытатын әрі оны жан-жақты ашуға мүмкіндігі көбірек негізгі бір сала - сөз шеберлерінің шығармалары, көркем мәтін тілі. Осымен байланысты академик Р.Сыздықтың ұсынған лингвостилистика ұғымы қазақ тіл біліміндегі соны бағыттардың бірі ретінде қалыптасып, көркем тілдің лингвостилистикалық аспектісінің ғылыми-теориялық негізі қаланды. Бүгінгі күні көркем әдебиет тілін зерттеу мәселесі тек тіл білімінің немесе әдебиеттану ғылымының жеке-жеке айналысар аумағынан шығып, жалпы филологиялық көлемде қарауды мақсат етіп отыр.

Қазіргі таңда тіл білімінің лингвистикалық стилистика деп аталатын саласына қатысты мәселелерді әр қырынан танып-білудің қажеттілігін уақыт көрсетіп отыр. Көркем әдебиет тіліне қатысты мәселелер қазақ тіл білімінде біраз зерттелді. Қазақ әдебиетінен өз орнын тауып, оқырман көңілінен шыққан бірқатар көркем шығармалардың, жеке қаламгерлердің тіл ерекшеліктерін лингвостилистикалық тұрғыда талдаған зерттеу еңбектері бар.

Көркем шығарма тілін зерттеу ісіне қазақ филологиясында соңғы жылдары ерекше көңіл бөлініп, жан-жақты қарала бастады. Оның алғашқы қадамдары Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, М.Балақаев еңбектерінен басталады. Содан бері көркем әдебиет тілінің әр түрлі мәселелеріне арналған мақалалар, монографиялар жарық көріп, көптеген диссертациялық жұмыстар жазылды. Осы ретпен келгенде, Т.Әбдіковтың бай әдеби мұрасын саралап, кең мағынадағы байсалды зерттеулер жүргізудің маңызы зор. Қаламгердің қазақ әдебиетін дамытудағы, үлкен прозаны қалыптастырудағы еңбегі ерен. Осыған қатысты Т.Әбдікұлының прозалық шығармалары негізінде оның сөз қолданысы, стильдік мақсатта қолданылған сөздерінің сыр-сипатын, көркем туынды жасауға қатысатын негізгі тұрақты элементтерді, яғни композициялық сөйлеу формалары, оның ішінде нақты әңгімелеуді жүзеге асырудағы өзіндік ерекшелігі мақалада сөз болмақ. Жалпы кез келген жазушының өзіне тән стилі, сөз саптау мәнері және ой-толғау әдістері болатыны заңды. Сол сияқты Т.Әбдіков шығармаларын талдау барысында, қаламгер туындыларының баяндау қабатының көп бөлігін суреттеу мен ойталқыға қарағанда әңгімелеу мәтіні құрады.

Ғалым Б.Шалабай: «Суреттеу де, ойталқы да – прозалық шығармаларда әңгімелеуге көмекші, қосымша баяндау түрлері, олар таза түрде қолданылмайды, араласып жұмсалады, дей келіп, әңгімелеу формасы оқиғаның мезгілдік жүзеге асу әрекетін құрайды. Оқиға желісі бірін-бірі толықтырып, динамикалы баяндау тәсілі орын алады. Әңгімелеу формасының ... мазмұны шексіз кеңістік пен мезгілдік мерзімді қамтиды», - деп анықтама беріп кетеді [1, 129].

Әңгімелеу мәтіндерінде оқиға, іс-әрекет бірінен кейін бірі баяндалатын болғандықтан, онда негізінен қимылды, қалыпты танытатын етістіктер кеңінен қолданылады.

Етістік әңгімелеудегі оқиғаның дамуына, әңгімеге қатысушылардың іс-әрекеттерін, қимылын баяндауда ең көп қолданылатын лексика-грамматикалық категория. Әңгімелеу мәтіндерінде іс-әрекеттің өтуін жүйелі сипаттау үшін етістіктің жедел өткен шақ формасының –ды/-ді, -ты/-ті тұлғалары қолданылады. Оқиғаны әңгімелеу мәтініне сай қылып жеткізуде жедел өткен шақтың мәні зор:

Жуан қарын секем алып қалды. Дүйсенге қарап, бірдеңе деп шүлдірлеп жатыр. Дүйсеннің не айтқанын білмедім, қостан шығып кеттім. Апырмай, Дүйсенді ұстап қалар ма

екен деп зәремнің ұшқанын көрсең. Шықты-ау бір мезгілде қостан. Сол кезде «сорпа әкел» деген айқай шықты. Сол-ақ екен, керегелерге байланған арқанды тартып-тартып қалғанда қостың бәрі бір сәтте жалт етіп, етке енді қолдарын соза берген атты казактарды басты да қалды (Әке).

Бұл мәтінде жедел өткен шақ тек грамматикалық қызмет атқарып тұрған жоқ, сонымен қатар көркем шығармаға да тән қосымша қызмет атқарып тұр. Етістіктің бұл формасы сөйлеп тұрған кезге дейін болған әрекетті білдіргенімен, шығармада оқиғаны нақ осы сәтте көз алдымызда болып жатқандай етіп көрсетуге атсалысып тұр. Сонымен қатар, жедел өткен шақ сөйлемдерді бір уақыт шеңберінде ұйымдастыруға және оларды параллельді байланыстыруға негіз болады. Өтіп жатқан іс-әрекетті деталь арқылы баяндау мақсатында жедел өткен шақ шығармаларда стилистикалық мақсатта көп қолданылады:

Ет келді. Артынан тағы да қазан қайнады. Осылай ел адамдары әкемнің көңілін сұрап, өлімнің ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір келетінін, бірақ кәріліктен адамның өлмейтінін, денсаулық көтерсе, жалғыз ұлдың игілігін көріп, отыра тұрғанның да бөтендігі болмайтынын айтып, ал шалдар жағы әзілдесіп, көіл көтеріп, кіріп-шығып жатты. Кешке әкемнің құрдасы Өтеген шал келді (Әке).

Жедел өткен шақ тұлғасының көркем шығармаларда эстетикалық өрісі мен қызметі ерекше мәнге ие.

Сонымен қатар, жедел өткен шақта есімшенің –ған/-ген, -қан/-кен тұлғалары шығармада баяндалып отырған оқиға уақытынан бұрын болған оқиғаны жеткізуде көбірек қолданылады. Мысалы:

Жыланды бойы ол кезде қолдың саласындай тізілген ел. Малдыбайдың екі баласы - Естөре, Бестөре штат болып, болыстыққа таласып, араларында адам өліп, кісі құны дауланып, таласып, ыру-тыру болып жатыр екен. Әйтеуір, ағайынның аты ағайын, бір-бір лақтан, әлі жеткені саулық қой бөліп беріп, оның сыртында ерулік әкеліп, бірден ел қатарына қосылып кеттік. Қыздардың бәрі тұрмыс құрып кеткен. Әпсаттар, Қапсаттар, Нұржан-үшеуі де бөлек үй. Дүйсен де үйленген, бірақ әкейдің шаңырағында. Менің салт бас, сабау қамшы кезім (Әке).

Жалпы әңгімелеу мәтіндерінің жасалуына, өзіндік ұйымдасуына грамматикалық құралдар да актив түрде қатысады. Соның бірегейі жалғаулық шылаулар болып табылады. Мысалы:

Құдай да астамшылдықты көтермейді зой, жұртқа шикі ет жегізіп, қызықтап отыратын сол қамбар баласын жетектеп жүріп, ақыры аштан өлді зой. Атағы жер жарған Естөрені де көрдік. Бірде азық-түлік жағы тапшылау болған соң, өзіміздің қырманнан түскен азықтан екі шелектей астықты бөктеріп алып, Жыландыда қалған Әпсаттардыкіне келгем. Ол жақ, ойдан гөрі таршылықты көріңкіреп отыр екен, бірақ әйтеуір жерге қарап қалмапты. Көршісі- баяғы Айтыбай. Ол жаққа да кәмпеске жүріп өтіпті. Күздің жауын-шашыны бір басылмай қойған. Оның үстіне өліраның шағы еді. Қара суық өңменіңнен өтеді (Әке).

Кешкілік Әбекеңнің балалары тары нан жеп, мәре-сәре болып, жеңгеміздің де төбесі көкке жеткендей қуанып, бір көтеріліп қалды (Әке).

Және де төмендегі мысал да сөзімізге дәлел бола алады:

Келесі күні түйе саналғанда бір ақ түйе қораға кірмей, аласұрды-ай келіп. Айнала қамадық. Бір мезгілде әлгі түйе шым албардан құстай ұшып бір-ақ қарғыды да, тапа-тал түсте көз алдымызда ғайып болды (Әке).

Әңгімелеу мәтіндерінің тақырыптық-мағыналық түрлерін топтастыруда өзіне дейінгі көптеген ғалымдардың зерттеулерін жүйелей келе, М.Мәретбаева оны шартты түрде жақтық және оқиғалы мәнді әңгімелеу мәтіндері деп топтастырады. «Көркем шығарма табиғатына тән негізгі екі нысан – ол: 1) кейіпкер және 2) сюжет болып табылады», - деп көрсетеді. Көркем шығармадағы әңгімелеу мазмұны да осыларға байланысты өріліп отырады», - дейді [2, 107].

Әңгімелеу мәтіндеріндегі жақтық мәннің қолданылу ерекшелігі сол, ол мәтіндегі негізгі кейіпкердің жағдайға байланысты іс-әрекетін сипаттау арқылы кейіпкердің өзіне тән болмысын, мінез-құлқын, жан дүниесін суреттеу көзделеді.

Түнімен әңгімелесіп, ойдың жаңалығын айттым. Ертеңіне сәскеде тұрып, далаға шықтым. Атымды көрейін деп албарды айнала бергенімде Айтыбайдың үйінің есігінің алдында тұрған алба-жұлба қайыршыны көрдім. Қолында таяғы бар, кемсеңдеп, бірдеңе сұрайтын секілді. Бері қарағанда таныдым, Естөре екен. Өз көзіме өзім сенбей қадалып кеп қараймын. Естөренің өзі (Әке).

Берілген мәтінде автор I жақта сөйлей отырып, нақты уақыт ішінде бірінен соң бірі іске асқан әрекеттер суреттелген. Бұндай типтегі мәтіндер Т.Әбдіков шығармаларында көп қолданыс тапқан.

Атымды сұардым. Өзім де қаталып қалған екем. Ақсу қайнатып ішіп, есімді жидым. Таң ата Әпсаттардың қорасынан кетпенін алып, кешегі ізіме қайта түстім. Жолай кездескен бірінші баланың сүйегін дорбаға салып, үшеуді қатарына қойдым. Сосын түске дейін сол жерден төрт адам сиятындай ұзынша қабір қазып, ағам мен жеңгемді екі баласымен көмдім. Басына құран оқыдым да, белімді шарт буынып, атқа отырдым (Әке).

Есімдіктер де әңгімелеу мәтіндерінің ұйымдасып құрылуына ұйытқы болатын синтаксистік байланыстырушылық қызметі мен орны ерекше грамматикалық элемент. Кез келген мәтінде екінші сөйлем, болмаса, үшінші, төртінші сөйлемдер алдыңғы сөйлеммен есімдік сөздер арқылы байланысып жатады.

1. Жіктеу есімдіктері өзінен бұрын келген сөйлемдегі басты кейіпкерді ауыстыра отырып, оның қимыл-әрекетін түрлі мақсатта суреттеу үшін қолданылады:

Іс-әрекет иесін, тақырыпқа айналып отырған кейіпкерді ауыстыру үшін:

Роберт Свифттің кім екенін есіне түсіре алмай, ұзақ ойланды. Ол тіпті ойлана алмай қиналды. Бастырлыққан адамның қолын қанша қозғағысы келгенімен ойлана алмады. Ақырында Свифттің ағылшын жазушысы екенін тапқан кезде Свифттің ұзақ жыл жындыханада жатқанын, өлерінде ақыл-есінен айырылғандарға он мың стерлинг ақшаны мұраға қалдырғаны есіне түсті (Ақиқат).

Жіктеу есімдіктері әдетте мәтін оқиғасын дамыту мақсатында жұмсалады. Мұнда жіктеу есімдігі жалқы есімді ауыстырып тұр. 1-сөйлемнің алғашқы бөлігін төл сөзге айналдырсақ, Роберт бастауыш қызметінде келіп, 2-сөйлеммен де бастауыштық қатынаста қиылысқан.

2. Көп кейіпкердің немесе нысандардың ішінен біреуін даралап көрсету үшін жіктеу есімдіктері сан есімдермен тіркесіп қолданыс табады:

Өзеннен өткен соң мектеп тиіп тұр. Төбесін қамыспен жапқан қоржын үй. Оның бірінде біз оқимыз, екіншісінде Ақторта апайдың семьясы тұрады. Олар жазғы демалыс күндері салқын болады деп, класс тұрған жағына көшіп алғанда, біз аядай тар, қуық бөлмеде қаламыз (Оралу).

3. Жақтық мәнді әңгімелеуге негіз болатын кейіпкер іс-әрекетіне ерекше мән беріп суреттеу үшін сілтеу есімдіктерінің өзі кейде іс-әрекеттің мерзіміне, кейде оқиға орнына, ал кейде кейіпкердің іс-әрекетіне, кейіпкердің өзіне сілтеме жасап жұмсалады:

Кейіпкерге сілтеме жасалып, оған ерекше назар аударылады:

Дүйсеннің үйіндегі Гүлсім жеңгеміз кейін күйеуге шығып кетті. Жалғыз баланы өзімен әкетті. Кейін сол баланы екінші күйеуінің атына жаздыртты деп естідік. Қазір қайда жүргенін білмеймін (Әке).

Әңгімеге арқау болып отырған негізгі кейіпкердің нақты бір іс-әрекетін ерекше атап көрсету арқылы соңғы сөйлемдерде ол одан әрі дамытылып суреттеледі. Осындай жағдайларда кейіпкердің іс-әрекетіне айрықша мән беріліп, өзектілігі арта түседі.

Мәтіннің әңгімелеу түрі оқиға, іс-әрекеттің қандай да бір уақыт ішінде жүзеге асуын сипаттайды. Ал оның мәтіндегі тілдік бейнесі алуан түрлі синтаксистік құралдар арқылы жасалмақ. Яғни бұл жердегі синтаксистік құралдар бір әрекеттің аяқталып, екінші бір әрекеттің басталған уақытын көрсетіп тұр. Дәл осы сынды ерекшелікті оқиғалы мәтіндерден

де кездестіруге болады. Бірақ бұл жерде оқиға кейіпкерге қатысты емес, жалпы уақыт пен соған қатысты болып жатқан объективті оқиғалар мен құбылыстарды суреттеуге бағытталады.

Мұндай оқиғалы мәтіндерде суреттеуден гөрі оқиға бірізділігін, оқиғаның өту сипатын, оқиғаның себебі мен салдарын бірізді эпикалық баяндауға құрылады. Мұндай мәтіндерде автор үшін кейіпкерді емес, жалпы оқиғаны, орын алған жағдайды суреттеу басты мақсат болады.

Әңгімелеу мәтінін мазмұны мен формасына қарай жақтық мәнді және оқиғалы мәнді деп екіге бөлу құптарлық жайт. Себебі кез келген оқиға екі жағдайда өрбиді. Мұндағы басты ерекшелік - оқиғаға кейіпкердің қаншалықты қатысып тұрғаны және автордың сол кейіпкерге қаншалықты мән бергені.

Бұл көркем мәтінді тақырыптық-мағыналық түрлерге топтастыруда назарға алынатын басты ұстаным болып табылады. Осы шарттылыққа қарай бұл мәтін түрлерін субъективті және объективті деп те атауға болады. Жақтық мәнді әңгімелеу мәтіндеріндегі субъективтілік кейіпкердің іс-әрекетіне, соған қатысты баяндалатын оқиға-жағдайға тәуелді болса, оқиғалы әңгімелеу мәтіндеріндегі объективтілік объективтік уақытқа тәуелді болады [2, 118].

Мысалы:

1. *Кешкілік Әбекеңнің балалары тары нан жеп, мәре-сәре болып, жеңгеміздің де төбесі көкке жеткендей қуанып, бір көтеріліп қалды. Түнімен әңгімелесіп, ойдың жаңалығын айттым. Ертеңіне сәскеде тұрып, далаға шықтым. Атымды көрейін деп албарды айнала бергенімде Айтыбайдың үйінің есігінің алдында тұрған қайыршыны көрдім. Қолында таяғы бар, кемсеңдеп бірдеңе сұрайтын секілді (Әке).*

2. *Олар боранды күндері қар көміп, жермен-жексен болған маяларды аршып, тістескен мұздақ шөпті шотаяқпен суаратын. Сосын шанаға тиейтін. Көктемде арық бөгегенде жалпақ күректерді жерге зорға сіңіріп, шым оятын (Оралу).*

Оқиғалы мәнді әңгімелеу мәтіндерінің сипаты

Кесте 1

1-сөйлемде	
Мерзім, уақыт мәнді сөздер	Оқиғаның өту барысы
Кешкілік	Бір көтеріліп қалды
Түнімен	Ойдың жаңалығын айттым
Ертеңіне	Далаға шықтым
Айнала бергенімде	Қайыршыны көрдім
2-сөйлемде	
Боранды күндері	Шөпті суаратын
Көктемде	Шым оятын

Жоғарыда келтірілген мысалдарға қарап, әңгімелеудің Т.Әбдікұлы шығармаларында кеңінен қолданылатынына көз жеткіздік. Мұндағы мәтіндердің ұйымдасу ерекшеліктері, тілдік құралдардың көркемдік қызметтері ерекше айшықталып әңгімелеу мәтінін жасауға қызмет етіп тұр. Мәтіннің ұйымдасу ерекшеліктерін композициялық тұтастыққа алып зерттеу және оны сөйлеу түрлеріне қатысты анықтау ерекше маңызды мәселелердің қатарына жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы (оқу құралы). – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 197 бет.
2. Маретбаева М.А. Әңгімелеу мәтіні. Монография. – Қарағанды: «Болашақ-Баспа», 2013. – 165 б.
3. Әбдікұлы Т. Әке: Повестер мен әңгімелер. – Алматы: «Қайнар», 2005. – 384 бет.